

Sades SA-721 Spirits ойын құлаққаптары

Құлаққаптар — музыканы, сөйлеуді немесе басқа дыбыстық сигналдарды жеке тыңдауға арналған құрылғы.

Сипаттамалары

- Моделі: SA-721.
- Дыбыс пішімі: Stereo 2.0.
- Жиілік диапазоны: 20 Гц — 20 000 Гц.
- Сезімталдық: 96 ± 3 дБ.
- Таратқыштың қуаты: 15 мВт.
- Динамиктер саны: 2.
- Мембрананың диаметрі: 50 мм.
- Кедергі: 32 Ω .
- Микрофон сезімталдығы: 1 кГц үшін -33 ± 3 дБ.
- Микрофон кедергісі: 1 кГц үшін $\leq 1,8$ к Ω .
- Қосқыш: 3,5 мм.
- Кабель ұзындығы: 1,2 м (құлаққап) + 1,2 м (Y-кабель).
- Жиынтықтама: құлаққаптар, Y-тармақтағыш, пайдаланушы нұсқаулығы, кепілдік талоны, Sades жапсырмасы.

Сақтық шаралары

1. Құрылғының конструкциясына ешқандай өзгеріс жасамаңыз. Бұл құрылғыда пайдаланушы қызмет көрсететін элементтер жоқ.
2. Қысқа тұйықталуды алдын алу үшін құрылғының кез келген сұйықтықпен байланысын болдырмаңыз, оның жанына сұйықтығы бар ашық ыдыстарды қоймаңыз.
3. Құрылғыны электромагниттік сәулелену әсеріне ұшыратпаңыз.
4. Есту қабілетінің бұзылуын болдырмас үшін құлаққапты қауіпсіз дыбыс деңгейінде қолданыңыз.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

1. Құлаққап кабелінің USB-коннекторын өзіңіздің ДК USB портына қосыңыз.
2. Дыбыс деңгейі батырмалары көмегімен қалаған дыбыс деңгейін баптаңыз.
3. Құлаққаптардың сол жақ айшанақтарында орналасқан микрофонды қосу үшін оны шертуге дейін көлденең күйге (төменге) бұраңыз. Микрофонды өшіру үшін оны шертуге дейін тік күйге (жоғары) бұраңыз.
4. Дыбысты өшіру/қосу үшін дыбысты өшіру батырмасын басыңыз.

Сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары

- Құрылғы ешқандай монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын бөлмелерінде ауа температурасы 5 °С-тан 40 °С-қа дейін болған кезде және 80%-дан аспайтын ауаның салыстырмалы ылғалдылығы кезінде қаптамада жүргізілуі тиіс. Бөлмелерде коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүргізілуі керек.
- Құрылғы мұқият өңдеуді қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны сату ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі керек.
- Осы бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, Сіз қалдықтарды бақылаусыз шығару нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына әлеуетті зиян келтіруді алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесіңіз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығару жөніндегі кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.

Тауардың шығарылған күні қаптамада көрсетілген.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Шэньчжэнь Сэйдс Диджитал Текнолоджи Ко., Лтд.
9F, к. А, Жунь Чуаньсин Таймс ғимараты, Липу 3 к-сі, Булун тас жолы, Баньтянь к-сі, Лунган ауд., Шэньчжэнь қ., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импорттаушы / өндіруші уәкілеттік берген тұлға: «Атлас» ЖШҚ,
690068, Ресей, Приморск өлкесі, Владивосток қ., Владивостоктың 100 жылдығы даңғылы, 155 үй, 3 корпус, 5 кеңсе.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.
Пайдалану мерзімі: 24 ай.